

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының нысанды киім-кешектің жаңа үлгілеріне көшуі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 қараша N 1390. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.12. N 722 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. 1-2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының нысанды киім-кешегінің, аяқ киімінің, жарақтары мен айырым белгілерінің үлгілері бекітілсін.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының нысанды киім-кешегінің, (киім, аяқ киімді, жарақтар мен айырым белгілері) бұйымдарының нобайлары, үлгілері, пішіндері, техникалық құжаттамасы тәжірибелік және өнеркәсіптік даналары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интеллектуалды меншігі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын нысанды киім-кешекпен, аяқ киіммен, жарақтармен және айырым белгілермен жабдықтаудың жаңа нормаларын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұ с ы н с ы н ;

нысанды киім-кешекті, аяқ киімді, жарақтармен айырым белгілерін киіп жүрудің ережелерін әзірлесін;

жаңа пішімді киім-кешек (киім, аяқ киімді, жарақтары мен айырым белгілері) тігу және жарақаттауға көшуді қазіргі уақытта қолданылып жүрген жарақтау мен киюдің нормалары мерзімдеріне сәйкес аталған заттық мүлік қорын толық жұмсалғанша пайдалануын, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерін ескере отырып, кезең-кезеңмен жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі мемлекеттік қорғаныс тапсырысы құрамында ішкі істер

органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының нысанды киім-кешегінің, аяқ киімінің, жарақтары мен айырым белгілерінің жаңа үлгілерін дайындауды көздерінен.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі: ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын нысанды киім-кешекпен, аяқ киіммен, жарақпен және айырым белгілерінің жабдықтаудың жаңа нормаларын келісуді;

ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына жаңа нысанды киім-кешек тігуге және жарақтауға (киім, аяқ киім, жарақ және айырым белгілері) республикалық бюджет қаражаты шегінде қажетті қаржы бөлуді қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 15 қарашадағы

№ 1390 қаулысына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының нысанды киім-кешегі**

**1. Жалпы ережелер**

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы бірыңғай үлгідегі нысанды киім-кешек киеді. Ішкі істер органдары қызметкерлерін қызмет тегі бойынша айыру (милиция, ішкі қызмет) көмкермелерінің, лампастардың, погондардағы жолақтардың және фуражканың басқа киілетін жерінің түстеріне қарай жүзеге асырылады. Милиция үшін қызыл түс, ал ішкі қызмет үшін теңбіл түсті нысанды киім-кешек белгіленеді.

**2. Ішкі істер органдарының аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының нысанды киім-кешегі**

**Мерекелік-сәнді киім-кешек**

Күнқағары бар, сұр түсті қой терісінен жасалған (полковниктердікі - сұр түсті табиғи қаракөлден) төбесі қара сұр түсті шұғадан тігілген, алтын түсті кокардалы (полковниктерге - кокардалы және эмблемалы), алтын түсті өрілген бауы бар қ ұ л а қ ш ы н .

Басқа киетін жері мен көмкермелі қызыл (теңбіл) түсті, басқа киетін жері алтын түсті кокардалы және эмблемалы, алтын түсті өрілген қара сұр бауы бар, қара сұр түсті жүн матадан тігілген фуражка.

Сұр түсті қой терісінен жасалған жағасы бар, (полковниктердікі - сұр түсті табиғи қаракөлден), погондары мен жеңдегі белгілері тағылған (арқа тұсында қарсы бағытта тігілген бүрмесі бар) қара сұр түсті екі жағына бірдей қаусырмалы , жүн матадан тігілген пальто .

Погондары мен жеңдегі белгілері, қызыл (теңбіл) түсті петлицалары бар, алтын түсті көмкермелі, сұрғылт түсті жүн матадан тігілген, ашық өңірлі, екі жағына бірдей қаусырмалы мундир .

Қара галстук тағып киілетін, погондары бар ақ түсті көйлек .

Қызыл (теңбіл) түсті көмкермесі бар, қара сұр түсті жүн матадан тігілген, балағы сыртқа салынған шалбар .

Қара түсті, жылы қысқа қонышты етік және қысқа қонышты хром бәтеңке .

Алтын түсті айылбасы бар қара түсті былғары белдік .

А қ тү с т і м о й ы н о р а ғ ы ш .

Ақ түсті тоқыма немесе сұр түсті жүннен жасалған саусақты қолғап .

### **Күнделікті киетін нысанды киім-кешек**

Күнқағары бар құлақшын, жылы қысқа қонышты етік және мерекелік-сәнді киім-кешекке арналған сияқты хромды қысқа қонышты бәтеңке .

Алтын түсті кокарда тағылған, алтын түсті өрілген бауы бар цилиндр пішінді, қара сұр түсті жүн матадан тігілген фуражка .

Алынып-салынбалы жылытқышы бар және жағасы сұр түсті қой терісінен тігілген, погондары, жеңдегі белгілері және кеудеге тігілетін жапсырмалары ( саптағы бөлімшелер үшін) тағылған, қара сұр түсті су жұқпайтын матадан тігілген жылытылған күртеше .

Жағасына алтын түсті эмблема тағылған, погондары мен жеңдегі белгілері бар, қара сұр түсті жүн матадан тігілген, ашық өңірлі бір жағына қаусырмалы китель немесе қарсы ілгек салынған, кеудесіне жапсырмалы қақпақты қалталар тігілген, түймеленетін, бүйір қалталары ойып орнатылған, погондары мен жеңдегі белгілері бар, жүн матадан тігілген қара сұр түсті белдікті күртеше .

Қара галстук тағып киетін (қысқа жеңді көйлек - галстуксіз), погондары мен жеңдегі белгілері бар, көк сұр түсті және ақ түсті көйлектер . Алтын түсті айылбасы және басқа да фурнитурасы бар қара түсті былғары жабдықтар .

С ұ р тү с т і м о й ы н о р а ғ ы ш .

С ұ р тү с т і т о қ ы м а с а у с а қ т ы қ о л ғ а п .

Күлпарасы бар және плащтың жамылғысын киюге арналған бау тағылған, су жұқпайтын қара сұр түсті матадан тігілген плащ-жамылғы .

Аға және орта басшы құрамдағы адамдар үшін:

Алынып-салынбалы жылытқышы, жағасына алтын түсті эмблема тағылған, погондары мен жеңдегі белгілері тағылған, су жұқпайтын қара сұр түсті матадан тігілген, бір жағына қаусырмалы плащ-пальто .

Аға басшы құрамдағы қызметкерлер үшін:

Қысқа жеңді, галстуксіз киілетін, погондары мен жеңдегі белгілері бар, қара сұр түсті жеңілдетілген қоспа матадан тігілген көйлек.

Қызыл (теңбіл) түсті көмкермелі, қара сұр түсті жеңілдетілген қоспа матадан тігілген, балағы сыртқа қайырылған шалбар.

Ескерту: Аға басшы құрамдағы қызметкерлерге мерекелік-сәнді фуражканы күнделікті киім-кешек ретінде киюге рұқсат етіледі.

**3. Ішкі істер органдарының аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамдағы әйелдеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына арналған нысанды киім-кешек**

**Мерекелік-сәнді киім-кешек**

Күнқағары бар, сұр түсті қой терісінен жасалған (полковниктерді - сұр түсті табиғи қаракөлден) төбесі қара сұр түсті шұғадан тігілген, алтын түсті кокардалы (полковниктерге - кокардалы және эмблемалы), алтын түсті өрілген бауы бар қ ұ л а қ ш ы н .

Алтын түсті кокарда (полковниктерге - кокарда және эмблема), алтын түсті өрілген бау тағылған, цилиндр пішінді қара сұр түсті жүн матадан тігілген ф у р а ж к а .

Жағасы сұр қой терісінен жасалған, (полковниктердікі - сұр түсті табиғи қаракөлден), поғоны мен жеңдегі белгілері тағылған, қара сұр түсті жүн матадан т і г і л г е н п а л ь т о .

Поғоны мен жеңдегі белгілері бар, сұрғылт түсті жүн матадан тігілген, бір жағына қаусырмалы, ашық өңірлі мундир.

Қара галстук тағып киетін, погондары бар ақ түсті көйлек. Қара сұр түсті жүн матадан тігілген юбка.

Қара түсті, жылытылған хром етік.

Қара сұр түсті туфли.

Ақ түсті мойын орағыш.

Сұр түсті жүн матадан тігілген немесе ақ түсті тоқыма саусақты қолғап.

**Күнделікті киетін нысанды киім-кешек**

Күнқағары бар құлақшын, жүн матадан тігілген пальто, юбка, жылытылған етік, мерекелік-сәнді киім-кешекке арналған туфли.

Алтын түсті кокарда тағылған, қызыл (теңбіл) түсті көмкермемен жиектелген, қара сұр түсті жүн матадан тігілген пилотка.

Қара сұр түсті су жұқпайтын матадан тігілген, алынып-салынбалы жылытқышы және сұр түсті қойдың жүнінен жасалған жағасы бар, погондары, жеңдегі белгілері мен кеудесіне жапсырмалы (саптық бөлімшелер үшін) тігілген

к ү р т е ш е .

Қара сұр түсті матадан тігілген, бір жағына қаусырмалы ашық өңірлі, жағасында алтын түсті эмблемасы бар, погондары мен жеңдегі белгілері тағылған китель-күртеше немесе погондары мен жеңдегі белгілері бар, қара сұр түсті жүн матадан тігілген көйлек.

Қара түсті галстук тағып киетін (қысқа жеңді көйлек болса - галстуксіз), погондары мен жеңдегі белгілері бар ақ және көк сұр түсті көйлектер.

Алтын түсті айылбасы және басқа да фурнитурасы бар қара түсті былғары ж а б д ы қ т а р .

С ұ р т ү с т і м о й ы н о р а ғ ы ш .

Сұр түсті жүн матадан тігілген саусақты қолғап.

Қара сұр түсті су жұқпайтын матадан тігілген, күлпарасы бар және плащ-жамылғыны киюге арналған бауы бар плащ-жамылғы.

Аға және орта басшы құрамның қызметкерлері үшін:

Қара сұр түсті су жұқпайтын матадан тігілген бір жағына қаусырмалы, алынбалы-салынбалы жылытқышы, жағасында алтын түсті эмблемасы, погондары мен жеңдегі белгілері бар плащ-пальто.

**4. Учаскелік полиция инспекторларының, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекцияның, патрульдік күзет қызметінің, жол полициясының, мемлекеттік күзет қызметінің, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметті өткеру кезеңінде киетін нысанды киім-кешегі**

**Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.01.16. N 43 қаулысымен .**

Күнқағары бар, қара түсті мех құлақшын, қысқы әйелдер кепкасы, қара-көк түсті жүн фуражка, сарғыш түсті нысанды әйелдер кепкасы, қара-көк түсті күнқағары бар кепка, ылғалдан сақтайтын материалдармен көмкерілген қысқы мех күрте, жүннен тігілген шымқай-көк түсті әйелдер пальтосы, қара-ақ түсті былғары костюм (күрте, шалбар), жылы костюм (күрте, комбинезон), қара түсті әйелдер плащы, қара түсті маусымдық күрте, қызмет өткеруге арналған (ашық жағасы бар күрте, шалбар) қара-көк түсті костюм, сарғыш-сұр түсті әйелдер мундирі, қара-көк түсті китель-юбка, шымқай-көк түсті жүннен тоқылған свитер, қызыл түсті матамен жиектелген, сыртқа қайырылған қара-көк түсті шалбар, сия-көк түсті ұзын және қысқа жең жейделер, сия-көк және ашық-көк реңдермен қиыстырылған, ұзын және қысқа жең жейделер, сия-көк түсті ұзын және қысқа жең жейделер (әйелдер жейделері), ақ түсті ұзын және қысқа жең жейделер, ақ

түсті ұзын және қысқа жең жейделер (әйелдер жейделері), әйелдердің қосарланған қара галстугі, сия-көк түсті ұзын жең футболка, сия-көк түсті қысқа жең майка-футболка, сия-көк түсті жеңі жоқ майка, қара және көк түсті кашне, қара түсті былғары қолғап, плащ-жамылғы, желбей күрте, сигналдық кеудеше, қара түсті ұзын қонышты хром бәтеңке, қара түсті жылы қысқа қонышты етік, әйелдердің жылы етігі, қара түсті қысқа қонышты хром бәтеңке, қара түсті әйелдер туфлиі, қара түсті хром етік, қара түсті жүнді теріден тігілген ұлтанды етік, қара түсті былғары жабдық, жалтырауық материалдармен көмкерілген ақ ж а б д ы қ .

Бас киімдер кокардалармен, ал нысанды киім-кешек заттары - погондармен, шымқай-көк түсті жең белгісімен және омырау белгілерімен (жетондармен) жабдыкталады. <\*>

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1996 жылғы 15 қарашадағы

№ 1390 қаулысына

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының  
басшы және қатардағы құрамының айырым белгілері**

Ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының нысанды киім-кешегінде және арнаулы киімдерінің жабдықтарында тағылатындар:

**1. Погондар**

Қ ұ р а с т ы р ы м ы б о й ы н ш а :

жүн матадан тігілген пальтода, мундирде, кительде, жылы астары бар күртешелерде, жүн матадан тігілген белдемшелі күртешеде тігілетін;

жадағайда (бекеша), жалаң және жасанды былғарыдан тігілген күртешелерде, қарасұр түстес жейделерде (блузкаларда), жүн матадан тігілген көйлекте - а л ы н ы п - с а л ы н б а л ы .

Н ы с а н ы б о й ы н ш а :

тігілетін погондар - жарыспалы бүйір жақтары бар, төменгі ұшы тік бұрышты, жоғары ұшы қиғаш, тік бұрыш трапеция пішінді;

алынып-салынбалы погондар - жарыспалы бүйір жақтары бар, төменгі ұшы тік бұрышты, жоғары ұшы дөңгелек, керілген тік бұрыш нысанды жейдеге бекіту үшін астында ілмек, сондай-ақ жоғары жағында түйме құлақшасына арналған

т е с і к б о л а д ы ;

Т ү с і б о й ы н ш а :

алтын түстес, қызыл (теңбіл) түсті көмкермесі және жолағы бар, жолақ



Аға лейтенант	3	30	25
Лейтенант	2	30	-
Кіші лейтенант	1	50	-
Аға прапорщик	3	30	25
Прапорщик	2	30	25

Жұлдыздар мен жұлдызшалар погондарда мынадай тәртіппен орналасады: полковниктердікі - төменгі екі жұлдыз - жолақ аралығында, үшіншісі бірінші екі жұлдыздан жоғары - жолақ аралығында, үшіншісі бірінші екі жұлдыздан жоғары, ось сызығының бойында;

подполковниктікі - жолақ аралықтарында;

майордікі - ось сызығының бойында;

капитандікі - төменгі екі жұлдызша - бір-бірден погон шеті мен жолақ аралығында, үшінші және төртінші жұлдызшалар - бірінші екі жұлдыздан жоғары, жолақ аралығында;

аға лейтенанттікі - төменгі екі жұлдызша - бір-бірден погон шеті мен жолақ аралығында, үшінші жұлдыздан жоғары - жолақ аралығында;

лейтенанттардікі - погон шеті мен жолақ аралығында бір-бір жұлдыздан;

кіші лейтенанттардікі - жолақ аралығында;

аға прапорщиктер мен прапорщиктердікі - ось сызығының бойында.

Кіші басшы құрамның погондарында (старшинадан басқа) алтын түстес жапсырмалары (металл пластинкалары) болады.

Жапсырмалардың саны мен ені (металл пластинкалары) арнаулы шеніне сәйкес келеді.

Ішкі істер органдарының арнаулы "старшина" шені бар қызметкерлерінің погондарының ортасында алтын түстес ұзына бойына жолағы болады.

Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының аға және орта басшы құрамының арнаулы шені барларынан басқармасының погондарында биіктігі 25 мм, погонның шетінен 10 мм қашықтықта, ось сызығының бойында, алтын түстес "К" әрпі тағылады.

Кіші басшы құрамның погондарындағы жапсырмалардың (металл пластинкалардың) мынадай өлшемдері мен мөлшері (саны) белгіленеді.

---

Арнаулы шені Жапсырмалар (металл пластинкалар) саны Жапсырмалар (металл пластинкалар) ені

---

Старшина	ұзына бойына біреу	20
Аға сержант	көлденең біреу	20
Сержант	көлденең үшеу	10
Кіші сержант	көлденең екеу	10



Кіші басшы құрамның погондарындағы жапсырмалар (металл пластинкалар) погонның жоғары шетінде ортасынан бірінші көлденең жапсырманың жоғарғы шетінен 80 мм қашықтықта орналастырылады; сержанттардың, кіші сержанттардың погондарындағы келесі көлденең жапсырмалар бірінші жапсырмадан төмен, аралығына 2 мм салып орналастырылады.

## **2. Тулья эмблемасы**

Ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының мерекелік-сәнді фуражкасының тульясындағы эмблемасы металдан, тұтас бастырылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының дөңес бейнесінде жасалынады.

Тулья эмблемасының келесі бетінің ортасында оны бас киімге қадауға арналған клямер болады.

Тулья эмблемасының өлшемі - 48x48 мм.

## **3. Петлицалар**

Петлицалар - параллелограмм пішіндес, алтын түстес металл жиегі бар, қызыл (теңбіл) шұғадан тігілген болады.

Петлицаның ұзындығы - 5,7 мм, петлица ені - 2,5 мм.

## **4. Кокарда және эмблемалы кокарда**

Кокарда металдан тұтас бастырылып, ортасында алтын түстес бесбұрышты жұлдызы бар, алтын түстес, сопақша келген дөңес розетка тәріздес жасалынады. Бесбұрышты жұлдыз көгілдір эмальмен мәнерленген шеңбершемен жиектелінеді. Шеңбершеден кокарданың шеттеріне дейін гофрленген жылтыратылған беті болады.

Кокарданың келесі бетінің ортасында оны бас киімге бекітуге арналған клямері бар.

Бас киім кокардаларының өлшемдері:

аға, орта, кіші басшы құрам мен қатардағы құрамның, оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларыныкі - 36x44 мм;

әйел пилоткасыныкі - 23x30 мм.

Эмблеманы кокарда металдан тұтас бастырылып, ортасында көлемді бесбұрышты, алтын түстес жұлдызы бар, сопақтау келген дөңес розетка тәріздес болып жасалынады. Бес бұрышты жұлдыз көгілдір эмальмен мәнерленген шеңбершемен жиектелінеді. Шеңбершеден кокарданың шеттеріне дейін гофрленген жылтыратылған беті болады.

Эмблема әрбір шетінде тоғыздан орналастырылған, астынан таспамен буылған лавр жапырақтарынан өрілген гүл десте тәріздес жасалынады.

Эмблемалы кокарданың сыртқы бетінің ортасында оны бас киімге бекітуге арналған клямері болады.

## **5. Петлицалар, жағалар мен погондардың эмблемалары**

Эмблемалар алтын түстес металдан тұтас бастырылып, астыңғы жағынан таспамен буылған лавр жапырақтарынан өрілген гүлдесте бейнелес жасалынады. Эмблеманың ортасында екі жүзді семсерге қойылған дөңгелек қалқан бейнеленген. Қалқан мен лавр гүлдестенің үстіңгі жағында қалықтаған бүркіттің бедерлі бейнесі бар.

Эмблеманың сыртқы бетінің ортасында - эмблеманы киім-кешек жабдықтарына бекітуге арналған клямер немесе гайкалы ойма штифт болады.

Эмблеманың өлшемі - 17x20 мм.

## **6. Түймелер**

Аға, орта басшы құрам мен қатардағы құрамның, оқу орындарының курсанттары және тыңдаушыларының киім-кешек жабдықтарындағы түйме металдан, тұтас бастырылып жасалынған құлақшадан немесе клямерден тұрады.

Жоғары жағы дөңес, қалықтап бара жатқан бүркіт және оның үстінде күннің бедерленген бейнесі бар.

Түймелердің диаметрі: 22 және 14 мм.

## **7. Погондардың жұлдыздары мен жұлдызшалары**

Аға, орта басшы құрам және прапорщиктердің погондарындағы жұлдыздар мен жұлдызшалар бесбұрышты, металдан, тұтас бастырылып жасалынған, алтын түстес, көлемді, жылтыратылған болады.

Жұлдыздар мен жұлдызшалардың сыртқы бетінің ортасында оларды погондарға қадау үшін клямері болады.

Жұлдыздардың диаметрі - 22 мм, жұлдызшалардыкі - 13 мм.

## **8. Жеңдегі белгі**

Жеңдегі белгі алтын түстес баулықпен көмкерілген, қызыл түсті қалқан бейнесінде жасалынған.

Қалқан ішінде мәнерленген Қазақстан Республикасының жалауы, алтын түстес жазбалар бедерленген: жоғарғы жағында "Қазақстан", төменгі жағында - "ІІМ" жазуы, "ІІМ" жазуының астында алтын түстес лавр бұтақтарымен жиектелген бес бұрышты алтын түстес жұлдыз бар.

Жеңдегі белгі киім-кешек жабдықтарының сол жақ жеңінің сыртқы жағына (ақ түсті мерекелік-сәнді жейдеден басқа), жеңнің жоғарғы нүктесінен жеңдегі белгіге дейінгі 80 мм аралыққа тігіледі. Жеңдегі белгінің өлшемі - 80x100 мм.

## **9. Жеңдегі және кеудеге тігілетін жапсырмалар**

Прапорщиктердің қызмет жылдары бойынша жеңге тігілетін жапсырмалары салтанатты біркиер мундирге және күнделікті киілетін кительге тігіледі.

Жеңге тігілетін жапсырмалар - алтын түстес оқадан бұрышы шетінен 16 см қашықтықта тігілетін бұрыштық пішінді болады.

Қызмет етудің 5-ші жылынан бастап жапсырма - тігілген қақпақшаның үстіне диаметрі 25 мм, алтын түстес бес бұрышты жұлдыздар жапсырылады.

Прапорщиктердің қызмет ету жылдарына сәйкес жеңге тігілетін жапсырмаларға бұрыштамалар былайша орналастырылады:

бір, екі, үш жіңішке тиісінше 1, 2, 3-ші қызмет жылдарында;  
бір жалпақ - 4-ші қызмет жылында;

бір жалпақ және бір жұлдыз - 5-9-шы қызмет жылдарында;  
бір жалпақ және екі жұлдыз - 10-шы және одан көп қызмет жылдарында.

Оқаның жалпақтығы: жіңішкесінікі - 10 мм, жалпағыныкі - 20 мм.

Бұрыштаманың жоғарғы бұрыштарының ұшы мен жұлдыздың ортасын қосатын шартты сызықтың тігінен алғандағы ара қашықтығы 25 мм.

Жұлдыз орталарының ара қашықтығы - 30 мм.

Қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы шені бар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының оқу жылдары бойынша жеңге тігілетін жапсырмалары салтанатты біркиер мундирге және күнделікті киілетін кительге тағылады.

Курсант пен тыңдаушының оқу жылына сәйкес жеңге тігілетін жапсырмаларына мыналар орнатылады: қызыл түсті шұғадан тігілген қақпақшаға жапсырылған жалпақтығы 10 мм және ұзындығы 70 мм алтын түстес бір, екі, үш, төрт жапсырма.

Жапсырмалардың бір-бірінен ара қашықтығы 3 мм, ал қақпақшаның жоғарғы және төменгі шетінен жапсырмаға дейінгі аралық 5 мм.

Ішкі істер органдары саптағы бөлімшелерінің басшы және қатардағы құрамының қызмет түрлері бойынша кеудеге тағылатын жапсырмалары қара-сұр түсті жейделерге және жылы күртешелерге тағылады.

Кеудеге тағылатын жапсырмалар алтын түстес жиегі бар қызыл (теңбіл) түсті шұғадан тігілген тікбұрышты болады.

Кеудеге тағылатын жапсырмада Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде жазылған, Ішкі істер органы қызметкерлерінің қызмет түрінің толық аты немесе алғашқы әріптерінен (аббревиатурасынан) тұратын алтын түстес жазу болады.

Кеудеге тағылатын жапсырма оң жақ төс қалтаның үстіңгі жағына 2 мм аралыққа тігіледі.

Кеудеге тағылатын жапсырманың өлшемі: ені - 25 мм, ұзындығы - 95 мм.

## **10. Галстук бекіткіші**

Галстукке арналған бекіткіш ішкі және сыртқы иіндері бар металл пластина түрінде жасалынады. Сыртқы иіннің ортасында - Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының диаметрі 15 мм эмблемасы бейнеленген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК